Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

26 желтоқсан сенбі
№99 (1700)
2020 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

The New York Times

ЖАН ЖАРАСЫ

Әлемді жайлаған індет тек тәнге түскен кесел емес. Мұнан адамзаттың өмір қалпы, жүйке-сезімі де зардап шегуде. Шектеуден соңғы ахуал, аурудан кейінгі арпалыс қоғамды ескі арнадан бұрмаса да жүйке күйзелісіне жетеледі. Әсіресе қалалық өмірге үйренген адамның төрт қабырғада ұзақ қамалуы қандайда бір депрессияға әкеп соғарын күнібұрын болжанған еді. Қазір байқалмаса, кейін қайдан үзілерін аңдап болмайтын қоғамның психологиялық тізбегі ғалымдарды алаңдатуда. Осы орайда «The New York Times» газеті сәрсенбілік санында Вивиан Ванг пен Хавьер Эрнандестің «Жүйке ауруына жаңа көзқарас» атты көлемді сараптамалық мақала жариялады.

Авторлардың зерттеу нысаны – Қытай қоғамы. Мақалада адамзаттың коронавирустан кейінгі күйзеліс кезеңі, оңалу формуласы туралы сәтті болжамдар көрініс береді. Индукция әдісімен өрілген зерттеу-мақалада жалпыадамзаттық ортақ таным мен еркіндіксүйгіш болмыстың шиеленіс жағдайындағы шарықтау шегі шебер талданған. Ғажап зерттеудің мән-мазмұнын жете түсіну үшін толық аударуға да болар еді, көлем жібермейді. Сондықтан ауқымды жазбаны ықшамдап саралап көрейік...

«Чжан Сяочунь Ухань қаласында дәрігер еді. Ол өзінің балалық парызы мен аналық міндетін атқара алмадым деген сеніммен терең күйзеліске түсті. Әсілінде, оған себеп болған оқиға – жалғыз қалған қызы мен ауыр жағдайдағы әкесінің халін көре тұра жұмысын жалғастырғаны болса керек. Бұл жалғыз Чжан Сяочунь бастан кешірген психологиялық шиеленіс емес, миллиондаған қытайлықтың пандемиядан кейінгі жан жарасына айналды. Бұлай жалғаса берсе, аталған психологиялық ахуал әлемдік сипат алуы ықтимал».

Вивиан Ванг пен Хавьер Эрнандестің аталған тақырыпқа түрен салуын оқырман тосын қабылданғанымен, екінші жағынан әлемнің мұндай психологиялық ахуалды бастан өткерерін іштей сезетін. Оны бірқатар елдегі індеттен соң ажырасудың көбеюі, алкогольдік ішімдік саудасының қызуы аңғартқан болатын. Енді, міне, миллиардтар елінің, жұмсартып айтқанда, «психологиялық осалдығы» әлемді үрейлендіріп отыр. Неліктен? Себебі жеке тұлғаның күйзелісіне көңіл аудармайтын ортаның депрессиясы қоғамдық сипатқа көшті деп байбалам салуы жағдайдан хабар берген-ді.

«Жалпы Қытайда адамдардың әлеуметтік ара-жігі, таным-түсінігі екінші сатыға қойылады. Тіпті Мао дәуірінде психикалық ауытқуға душар жанды буржуазиялық лаң салушы санатына қосып, жындыханаға тоғыту арқылы шеңберден шығармауға тырысты. Мұндай үрдістің сарқыншағы қазір де бар (Қытайда – ауд.). Көптеген күйзелістегі науқастар үйден шықпауға, ортадан алыстауға бейім. Шынын айту керек, коронавирус індетінен соң жағдай мүлде қиындады. Шанхай университетінің сауалнамасына сүйенсек, елдегі әрбір үшінші азаматта күйзеліс, шыдамсыздық, ұйқысыздық белгілері байқалған. Билік көмек көрсетуге арналған тәуліктік желіні іске қосып, дәрігер-психолог мамандар онлайн-семинар ұйымдастыруды бастап кетті».

Авторлардың пікірінше, орталықтандырылған Қытай саяси жүйесі жағдайды уысынан шығармауға күш салуда. Мектептерде психологиялық күйзеліске түскен оқушыларға арнайы консультация алуға жағдай жасалған. Билік аталған мәселеге «эпидемиядан соңғы синдром» деген анықтама беріп, жылы жапқанымен «алдыңғы дөңгелектің қайда бара жатқанын» аңғару қиын емес. Себебі Чжан Сяочуньмен тағдырлас мыңдаған қытайлық әлемдік ұйымдарға көмекке жүгінген.

«Пандемиядан кейін Қытайда студенттердің өз-өзіне қол салу тенденциясы белең алды. Коронавирустан кейінгі індетке айналған қасірет биліктің түбі бұл олқылықты толық мойындауына әкеп соғары белгілі. Мысалы солтүстіктегі Хэбэй аймағында шенеуніктер суицидке қарсы мульт-фильмдер шығарса, университеттерде білім алушының ортаға бейімделуін жіті қадағалауда. Осындай жүйке дағдарысынан шыққан студенттің бірі – Сяо Зелин. Ол бойынан байқалған қажырсыздық пен көңілсіздікті жойып, өмірге құштарлықты ояту үшін психологтың көмегіне жүгінеді. «Бастапқыда адасқан жандай күй кештім. Қазір өзімді анағұрлым жақсы сезінемін. Бізде (Қытай -ауд.) адамдар пандемиядан кейін денсаулығына, әсіресе психологиялық жағдайына ерекше мән беретін болды».

Мақала егелері сөз соңында қауымның түгелдей дерлік депрессияға түсуін жергілікті халықтың болмысы мен өмір-салт ерекшелігіне телитін бірнеше аргумент келтіреді. Ғылыми негіздемесіне күмән болғандықтан, біз де оны мысалға санамадық. Есесіне, авторлардың күйзелістен шығу жолы шығармашылыққа ден қоюда жатқанын меңзейтін түйін сөзі көңілге қонды.

«Психолог Чан дәрігер күйзеліске түрлі терапияның пайдасы жоқ екенін айтуда. Ол науқастарды жан тыныштығына жетелейтін өзге жолға – Ван Янмин шығармашылығына жетелейді. Себебі Мин дәуірінің ойшылы адамды қайғыдан құтылуға, өмірге құштар болуға шақырады: «Жаны мазалы ұрыны ұстау – оңай, ойы тынық ұрыны ұстау – қиямет».

4 БЕТТЕ

САЛТАНАТ

ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛҒАН СӘТ

Санаулы күннен соң жыл аяқталады. 2020 жылы Қызылордада қандай жұмыс атқарылды, жылдың басты жаңалығы қайсысы болмақ?

Осыған орай Асқар Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен жылды қорытындылауға арналған салтанатты шара өтті. Онда қала басшысы барша халықты мерекемен құттықтап, шаһардың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері мен қол жеткізген жетістіктерін саралап, толайым табыстарға тоқталды.

Бүгінде Қызылорда қаласы елмен бірлесе жасаған еңбектің арқасында облыс экономикасының барлық салаларындағы өрелі өзгерістердің алдыңғы шебінен көрініп келеді. Шара барысында шаһар басшысы 2020 жыл Сыр жұртшылығы үшін қиын кезеңге қарамастан бергені мол берекелі кезең болғанын атап өтті.

3 БЕТТЕ

МӘСЕЛЕ

БАҒА НЕГЕ ҚЫМБАТТАДЫ?

Базарға барсаң, баға шарықтап тұр. Бұл қарапайым халықтың қалтасындағы қаржыға әжептәуір салмақ болып отыр. Өйткені адамға ең қажетті өнім түрлері қыстың күнгі ауа райы секілді мың құбылып тұр. Оның қашан арзандайтыны әлі беймәлім. Әлеуметтік маңызы бар өнім түрлері ішінде қарақұмық жармасы мен қант, өсімдік майы және жұмыртқа бағасы тіптен аспандап тұр. Облыстық ауыл шаруашылығы мамандарының айтуынша, аталған өнім бағалары 20-40 процент аралығында көтерілген.

Осы орайда облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ұйымдастыруымен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің баға тұрақтылығына байланысты баспасөз туры өтті.

Баспасөз туры аясында біз аялдаған алғашқы нысан «Мерей» шағын ауданында орналасқан әлеуметтік дүкен болды. Мұнда әдеттегідей келушілер қатары көп. Азық-түлікті молынан алушыларды кездестірдік. Ескі базар маңындағы дүкенде осы тектес. Жә, сонымен жағдайдың жай жапсарын маманның өзінен сұрап білдік.

МАМАН НЕ ДЕЙДІ?

– Облыс орталығында «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы жанынан құрылған 29 дүкен бар. Оның 1-і арнайы ет сататын дүкен. Қалғандары халыққа қажетті өнім түрлерімен қамтылған. Расымен, бағада бірқатар айырмашылық орын алып отыр. Оның түрлі себептері бар. Шикізаттың шетелден тасымалдануы мен құс тұмауының орын алуы жұмыртқа мен өсімдік майының қымбаттауына әсер етіп отыр. Алайда қалыпты деңгейге қайта түседі деп үміттенеміз. Айта кетерлігі, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлар бағасы республикалық көрсеткіштен төмен. Жергілікті сауда орындарында бірінші сортты бидай ұны – 127 тг, қарақұмық жармасы – 360 тг, сиыр еті – 1638 тг, күнбағыс майы – 1 литрі 475 тг, тауық еті – 790 тг, пияз – 70 тг, тұз – 40 тг, жұмыртқа – 29 тг, қант – 218 тг, күріш келісі – 210 тг көлемінде сатылуда, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының азық-түлік бөлімі басшысы Ерхан Ағыбаев.

10 ЖҰМЫРТҚА ҒАНА АЛАСЫЗ

Бағаға байланысты баспасөз туры келесі күні тағы ұйымдастырылды. Әдеттегідей жанымызда тиісті сала мамандары топтастырылған. Сонымен «Жайна» базары маңындағы және «Титов» шағын ауданындағы «Аль асад» сауда үйі жанынан ашылған әлеуметтік өнім бұрышына бардық. Мұнда «Байқоңыр» әлеуметтік комуналдық кәсіпорын АҚ өнімдері бекіткен баға негізінде сатылуда. Дегенмен жұмыртқа тапшылығына байланысты әрбір тұтынушыға 10 данадан артық беруге рұқсат жоқ. Ал басқа картоп, жуа, күріш секілді өнімдерді халық молынан алуға болады. Бұл жұмыртқаның арнайы бекітілген режимде сатылуы үшін және алыпсатарлыққа жол бермеуге негіз екен.

4 БЕТТЕ

«АЛТЫН ДОМБЫРА» МУЗЕЙГЕ ТАБЫСТАЛДЫ

Алаштың анасы атанған Сыр өңірі қашаннан жырдың өлкесі екені әмбеге аян. Жыр елінің бүгінгі ақтаңгер ақыны Мұхтар Ниязов айтыста жеңімпаз атанып, үшінші мәрте «Алтын домбыраны» иеленді. Осыған орай кеше Нартай Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың қатысуымен «Алтын домбыраны» табыстау рәсімі өтті.

Шараға ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Дәуешов, ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жүрсін Ерман, әнші, композитор Қазақстанның халық әртісі Алтынбек Қоразбаев, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, «Жұлдыз» журналының бас редакторы Ғалым Жайлыбай және басқа да зиялы қауым өкілдері қатысты.

Салтанатта мәртебелі меймандар айтыс ақтаңгері Мұхтар Ниязовқа «Алтын домбыраны» табыстап, Сыр елінің өнері мен мәдениетіне құрмет көрсетті. Шашасына шаң жұқпаған Мұхтардай ақын «Алтын домбыраны» жалғыз өзінің емес, күллі Сыр жұртшылығына ортақ екенін айтып, облыс әкіміне табыстады.

Аймақ басшысы сөз додасында топ жарған Мұхтардай ақынға Мұрат, Марат Сәрсенбаевтай кәсіпкер ағалары автокөлік сыйлағанын айтып, кілтін табыстады.

Салтанатты шара «Алтын домбыраны» облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Мәдениет және өнер» залына табыстау рәсіміне ұласты.

«Ақмешіт-ақпарат»

ЖАҢА ЖЫЛ ТОЙЛАНБАЙДЫ

Биыл қала жұртшылығы үшін жаңа жыл сән-салтанатымен аталып өтпейді. Елдегі пандемиялық ахуалға байланысты биыл қала әкімдігі тарапынан жаңа жылдық безендіруге қаржы бөлінбейді.

Жыл сайын бұл уақытта орталық алаңға шырша орнатылып, мерекеге сай безендіру қызу жүретін. Аталған себепке орай осы жылы 2018 жылы құрылған шырша алаңға қайта орнатылды. Безендіру жұмыстарына да өткен жылғы құрал-жабдықтар пайдаланылмақ.

Қала әкімдігінің баспасөз қызметінің мәліметі бойынша мерекелік шыршаның ресми ашылуы, отшашу болмайды. Мерекелік шара ұйымдастырылмайды.

Қызылорда облысының бас санитарының 2020 жылғы 31 қазандағы №25 қаулысының 1.3 тармағына сәйкес «отбасылық, салтанатты, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу), оның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды өткізуге» тыйым салынған.

«Ақмешіт-ақпарат»

БІЛІМ САЛАСЫНА ҚАМҚОРЛЫҚ

Алдағы бес жылда Қызылорда қаласында алты бірдей мектеп бой көтеретін болады. Атап айтқанда – «Саяхат» шағын ауданында 300, «Бәйтеректе» 600, «СПМК-да» 300, «Арай» 3 мөлтек ауданында 600 орындық, Сырдария өзенінің сол жағалауында 900, Қызылжарма ауылында 900 орындық мектеп салынады. Бұдан бөлек, Қызылорда қаласында 3 жеке меншік мектеп ашылады. Сонымен қатар кезең-кезеңімен 54 білім беру нысанына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады. Бұл жайлы үгіт-насихат жұмыстарымен Қызылорда қаласында болған ҚР Парламенті Сенатының депутаты Дана Нұржігіт «Болашақ» университетінің профессор – оқытушылар құрамымен болған кездесуде айтты.

Кездесуге «Nur Otan» партиясы атынан Қызылорда облыстық мәслихат депутаттығына үміткерлер Наурызбай Байқадамов пен Қылышбай Бисенов, мемлекет және қоғам қайраткері Бақберген Досманбетов қатысты.

– «Білімі дамыған, азаматы білікті ел ғана дамудың даңғыл жолына түсе алады. Бұл үшін біз бастапқы мектеп, колледж, университеттегі жағдайларды жақсартуымыз қажет. Бұл бағытта партиямыздың сайлауалды бағдарламасында басымдықтар көрсетілген. Нәтижесінде 2025 жылға қарай ҰБТ-да 100 және одан да көп балл жинаған мектеп түлектерінің үлесі 23%-ға дейін артады деп жоспарлануда. Мұғалімдер біліктілігін арттыру да маңызды мәселенің бірі. Бұл бағытта сіздердің де еңбектеріңіз маңызды. Сол себепті де болашақ педагогтарды дайындап шығарушы сіздердің алдарыңызға келіп отырмыз», – деді Қылышбай Бисенов.

Жиында сайлауалды бағдарламаның білім бағытында байыпты бастамалары ұстаздар қауымына насихаталып, үгіт парақшалары таратылды.

Өз кезегінде сайлаушылар сауалдарын жолдап, партияға сәттілік тіледі.

«Nur Otan» партиясы Қызылорда облысының Сайлау қорының қаражатынан төленді

ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

«Nur Otan» партиясының қалалық филиалында қалалық мәслихат депутаттығына үміткер Гүлнар Жұмашева, Айна Мұхамбетова, Әнуар Нақып медицина саласының мамандарымен онлайн кездесу өткізді.

«Zoom» платформасы арқылы ұйымдастырылған кездесуде партияның сайлауалды бағдарламасын, алдағы жоспарларды таныстырды.

«Nur Otan» партиясы сайлауалды бағдарламасында негізгі 7 бағытқа басымдық берген. Онда қоғамның барлық саласы, әлеуметтік маңызды мәселелер толық қамтылған. Оның ішінде экономика, кәсіпкерлік, тұрғын үй, инфрақұрылым, денсаулық, білім, экология саласы бар.

Онлайн кездесуде үміткерлер аталған бағыттарға кеңінен тоқталып өтті. Халықтың өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын үздіксіз жақсарту үшін жағдай жасауды көздеген «Nur Otan» партиясы бұл ретте тұрғындар қауіпсіздігі мен жастар жайын да тыс қалдырмаған. Бағдарлама лайықты жалақысы бар жаңа жұмыс орындарын құру арқылы өнеркәсіпті жандандыру, өңірді индустриалды аймақ ретінде дамытудан бастау алады. Бұл бағытта бірнеше ірі жобаны жүзеге асыру жоспары тұр. Бұдан бөлек ауыл халқының кіріс көзін арттыру, азаматтардың өмір сүруіне қолайлы қала жасау, жол, тұрғын үй, ауыз су мәселесін оңтайландыру, жылу, электр желілері жаңарту, «көгілдір отынмен» қамтамасыз ету, көгалдандыру сынды мақсат-мүдде айқындалған.

Партияның тағы да маңызды санаған экология мәселесі, медициналық қызметке қолжетімділік, тең мүмкіндікті қалыптастыру арқылы мүмкіндігі шектеулі жандарға кедергісіз орта құру, білім сапасы, тұрғындар қауіпсіздігі, жастардың мүмкіндігін арттыру, бұқаралық спорт, тарих пен мәдениетті дамыту сияқты бағыттарды қамтиды. Жиында осы мәселе кеңінен талқыланып, жүзеге асатын жоспарлар сараланды.

Өз кезегінде денсаулық саласының мамандары аймақ медицинасын дамытуда нақты қандай жұмыс жасалатынын сұрады. Бұған осы салада талай жыл еңбек еткен маман, қалалық мәслихат депутаттығына үміткер Гүлнар Жұмашева тұшымды жауап берді.

– Медицина саласы ұдайы дамуды талап етеді. Сондықтан сайлауалды бағдарламада бұған басымдық берілген. Мамандардың біліктілігін арттыру, жоғары технологиялық жабдықтармен қамту, маман тапшылығын жою, қажет деген ауруханалар салу көзделген. Әсіресе, дәрігерлердің Оңтүстік Корея, Ресей елінде біліктілігін арттыру, Литва мемлекетінің үздік мамандарын шақырып шеберлік сыныбын өткізу көзделген, – деді ол.

Онлайн форматта өткен кездесуде бұдан өзге де мәселелер қозғалып, үміткерлер нақты жауап берді.

«Nur Otan» партиясы Қызылорда облысы Қызылорда қаласының Сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

САЛА МАМАНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУ

«Nur Otan» партиясының Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына үміткерлер Ибраким Басықараев, Мұхиджан Кәрімбаев, Ділмұхаммед Абизов, Гүлнар Жұмашева және Айгүл Мұсабаева, Жандос Базартай сайлауалды үгіт-насихат жұмысы аясында Қызылорда локомотив пайдалану депосы қызметкерлерімен кездесті. Шара барысында қатысушыларға партияның сайлауалды бағдарламасы таныстырылып, алдағы мақсат-міндеттер сараланды.

Қатысушылар шаһар дамуына қатысты әлеуметтік-экономикалық мәселелер көтеріп, ашық пікір алмасуға мүмкіндік алды. Үміткерлер өз кезегінде түрлі саладағы сауалдарға толымды жауап беріп, мәселе шешімін партияның сайлауалды бағдарламасымен ұштастыра білді.

Сонымен қатар, үміткер Гүлнар Жұмашева қаладағы баспана, экономикалық өсім, денсаулық ахуалына қатысты партия жоспарына кеңінен тоқталды.

– «Nur Otan» партиясы қаладағы көптеген әлеуметтік мәселенің шешім табуына түрткі болуда. Соның бірі – баспана мәселесі. 70 мыңнан аса отбасы қоныстанған қалада тұрғын үйге қажеттілігінің жоғары болатыны белгілі. Осыны ескере келе, партия елімізде тұрғын үй құрылысын дамытуға басымдық береді. Өткен жылдың өзінде «Нұрлы жер» бағдарламасымен 380 отбасы тұрғын үймен қамтылды. Тұрғын үймен қамтамасыз ету деңгейі бір адамға шаққанда 20 шаршы метрден 23,6 шаршы метрге өсті. Бұл – үлкен жетістік. Алдағы уақытта тұрғын үй құрылысын арттыру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық желілерін жөндеу жұмысы жоспарлы түрде жүзеге асатын болады, – деді Гүлнар Хамзақызы.

Жиын соңында партия мүшелері қатысушылармен өзара сұрақ-жауап алмасып, биылғы сайлау науқанының ерекшелігі мен партия құрамы туралы ақпаратпен бөлісті.

«Nur Otan» партиясы Қызылорда облысы Қызылорда қаласының Сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

КӘСІПКЕРЛІККЕ ҚОЛДАУ КҮШЕЙМЕК

«Nur Otan» партиясының Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына үміткер Мұхиджан Кәрімбаев шаһардағы жас кәсіпкерлермен кездесті. Басқосуда сайлауалды бағдарламадағы негізгі мақсат-міндеттер талқыланып, кәсіпкерлік саласын дамыту бағытындағы жобалармен бөлісті. Сондай-ақ жиында қатысушылар сұрақ-жауап алмасып, цифрландыру мәселесі мен өндірісті дамыту жайлы ашық пікірін білдірді.

– Заман талабына сай цифрландыруға басымдық беруіміз керек. Жастар тәжірибе жинақтап, білім сапасын арттырған дұрыс. Осы және өзге де бағытта қолдау көрсету партия бағдарламасында қарастырылған. Аталған жоспарларды орындау үшін сіздердің қолдауларыңыз үлкен сенім береді, – деді Мұхиджан Кәрімбаев.

Оған қоса, үміткер партияның сайлауалды бағдарламасына сәйкес, «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасымен грант ұсынуға басымдық беру көзделгенін айтты. Сондай-ақ мемлекеттік бағдарламалар аясында «Бастау-Бизнес», «Бизнес Кеңесші» курсымен жыл сайын 450-ден аса азамат өз кәсібін ашуға мүмкіндік алатынын және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде кем дегенде 20 жобаға жеңілдетілген несиелер ұсыну да бағдарламада қамтылғанын жеткізді.

Шара соңында қатысушылар мен үміткер өзара пікір алмасып, түрлі саладағы сауалдарға жауап берді.

«Nur Otan» партиясы Қызылорда облысы Қызылорда қаласының Сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

“СУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ” СЕРПІН

Биыл шаһардағы су жүйесі айтарлықтай жаңарды. Түрлі деңгейдегі қаржыландыру көздері арқылы су және кәріс желілері жаңарып, қанат жайған қаланың шырайы кіруде. Осы орайда «Nur Otan» партиясының Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына үміткерлер Нұрлан Тұрғанбаев пен Жорабек Нұрымбетов үгіт-насихат жұмысы аясында «Қызылорда су жүйесі» мекемесінің қызметкерлерімен кездесті. Жиында партияның сайлауалды бағдарламасы таныстырылып, саладағы өзекті мәселер талқыланды.

– «Қызылорда су жүйесі» МКК қаладағы стратегиялық маңызы бар мекеме санатында. Мұнда 700-ге тарта азамат қызмет етеді. Биыл салада ауқымды жұмыс атқарылды. Қаладағы су жүйесі мен кәріз жүйесінің 80 проценті жаңарып, тұрғындарды таза ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік алды. Барлық жұмыс үрдісі цифрландыру бағытында дамып, жұмыс күші азайған. Сондықтан «Nur Otan» партиясының өкілі ретінде осындай іргелі мекеме мамандарының түрлі саладағы ой-пікірін, ұстанымын білу алғашқы орында болары сөзсіз, – деді Жорабек Нұрымбетов.

Сонымен қатар басқосуда жұмыс барысын толық цифрландыру, қаладағы жөндеуге тиіс 20 процент жұмысының су және кәріз желілерін жаңарту жоспары талқыланып, мамандардың ұсыныс-пікірі тыңдалды. Қатысушылар өзара сұрақ-жауап алмасып, партия өкілдеріне көкейдегі сауалдарын қойды. Шара соңында мекеме басшысы Марат Жәмиев үміткерлерге алдағы сайлауда сәттілік тілеп, партияның бастамаларына көңілі толатынын жеткізді.

«Nur Otan» партиясы Қызылорда облысы Қызылорда қаласының Сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

ҮМІТКЕРЛЕР ЖЕМІС-ЖИДЕК САҚТАУ ҚОЙМАСЫНДА БОЛДЫ

«Nur Otan» партиясы Қазалы аудандық филиалынан аудандық мәслихаттың депутаттығына үміткерлер жеміс-жидек сақтау қоймасында болып, үгіт жұмыстарын жүргізді.

Үміткерлер Бақытжан Жарылқап, Гүлдәрі Иманалиева мен Талғат Әліпбаев партияның сайлауалды бағдарламасын насихаттап, тұрғындарды алдағы саяси науқанда «Nur Otan» партиясына дауыс беруге шақырды.

Базар бағасынан 15-20 процент төмен бағада сатылатын тауарларды саудалаушы тұрғындар үміткерлермен қуаныштарын бөлісіп, ұсыныстарын да айтып қалды.

– Күннен-күнге осындай жақсы жаңалықтардың куәсі болып жатырмыз. Бұл қойманың ашылғаны баршаға тиімді деп білемін. Себебі мұнда күнделікті тұтынатын тауарлардың бағасы әлдеқайда арзан, сапасы да жақсы. Енді аудан орталығынан бірнеше әлеуметтік дүкендер ашылса, нұр үстіне нұр болар еді, – деді тауар тұтынушы тұрғын.

Осы орайда үміткер Гүлдәрі Иманалиева «Ауданымызда 2021 жылға 2 әлеуметтік дүкен ашу жоспарда бар» деп ұсыныс білдірген тұрғынды тағы қуантып қойды.

«Nur Otan» партиясының Қызылорда облысы Қазалы ауданының сайлау қоры қаражатының есебінен төленді.

ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛҒАН СӘТ

Өз сөзінде әр салаға арнайы тоқталған қала әкімі жыл басында Қызылорданың тайқазанындағы қаржы көлемі 68,9 млрд теңге болып бекітілсе, жыл қорытындысымен бұл көрсеткіш 95 млрд теңгеге жеткенін атап өтті. Оған қоса қарқынды құрылыс алаңына айналған Сырдың бас шаһарында биыл 1500-ге жуық отбасы баспаналы болғанын ерекше айтты. Қалада тағы 2380 пәтерлік 52 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізіліп жатқандығын жеткізген қала әкімі республикалық, жергілікті бюджеттен бөлінген қаржы есебінен 408 көшеге орташа және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілгеніне тоқталды.

– Биыл облыс орталығында ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 8,5 млрд теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 101,4 пайызға артығымен орындалды. Жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік нысандарының 46,2 пайызы аймақ бойынша қаланың үлесінде.

Білім беру ұйымдарындағы орын тапшылығын шешу мақсатында қала тұрғындарының сұранысына сәйкес «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында «Бәйтерек» шағын ауданында 600 орындық мектеп құрылысы, «Саяхат» мөлтек ауданынан 300 орындық тағы бір білім ұясының құрылысы жеке инвестор есебінен жүргізілуде, – деді қала әкімі.

Сонымен қатар жыл қорытындысында шаһар басшысы қала экономикасына өрелі өзгерістер әкеліп, өрісін кеңейткен мемлекеттік бағдарламалар аясында атқарылған жұмыстарды да тарқатты.

Мәселен, «Жұмыспен қамту жол картасы» мемлекеттік бағдарламасына сай бюджетке бөлінген қаражат қаладағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталып, бірнеше мәдениет, білім нысандары күрделі жөндеуден өтті. Сондай-ақ «Тағзым» мемориалы, «Сыр Ана» монументі, «Темір жол» паркі, Назарбаев даңғылы абаттандырылды. Қала басшысы «Ауыл-ел бесігі» арнайы жобасы арқылы Ақсуат ауылдық округіндегі №143 мектептің күрделі жөндеуден өтіп, ауылдағы 16 көшеге жөндеу жұмысы жүргізілгендігін атап өтті.

Басы 1-бетте

КІМДЕР ОЗЫҚ ШЫҚТЫ?

Салтанатты шарада жылдағы дәстүрге сай ел дамуы жолында еселі еңбегімен ерекшеленген, қаланың қоғамдық-саяси өмірінің өсіп-өркендеуіне үлес қосып, әр салада табысты еңбек етіп жүрген жыл үздіктері марапатталды.

Биыл «Жыл меценаты» атағы қаламызда қауіпті індет тарап, ел басына күн туған шақта алдыңғы шептен табылып, қиналған жандарға қамқор қолын созып, қайырымды істермен көпке үлгі болған «Олжас» ЖШС директоры Талғат Жұматовқа бұйырды. Номинация иегері еңбекті елеп, марапаттаған ел азаматтарына алғысын білдіріп, алдағы уақытта да қаланың әлеуметтік-экономикалық тұрғыда тұрақталып, дамуына өз үлесін қосатындығын жеткізді.

Қиын кезеңде көпті сақтық шараларын сақтауға үндеп, қоғамның негізгі сұранысына айналған нақты ақпаратты жедел жеткізген «Жаңалық жаршысы» номинациясын «Qyzylorda» телеарнасының бас редакторы Айнұр Тұңғышбаева алды. Әріптесіміз пандемия кезінде тәулік тынысын дөп басып, аймақ ахуалын бұқараға анық, айқын жеткізу көп күш салуды қажет еткендігін айтты. Ал коммуналдық салаға 24 жыл еңбегін арнап, жылдың «Тазалық сақшысы» атанған Марат Тұрсынбеков «Бұл – менің ғана емес қалада күнделікті тазалық жұмысын жүргізетін, әріптестерімнің де марапаты және баршамызға көрсетілген құрмет деп білемін» – деді. Сондай-ақ биыл «Жыл құрылысшысы» атағы «Интегрестрой» ЖШС директоры Бақдәулет Ысқақовқа бұйырса, жастар театры «Үздік өнер ұжымы» атанды.

Бұдан бөлек жыл қорытындысымен «Жылдың үздік ұстазы» номинациясын иеленген ұстаздар да марапат биігінен көрініп, қаржылай сыйақыға ие болды. Салтанатты шара жергілікті өнер жұлдыздарының қатысуымен мерекелік бағдарламаға ұласты. Сыр елінің бұлбұл әншісі Күлән Қалымбетованың жылылыққа толы «Мен сіздерді жақсы көремін» әнімен, «Томирис» тобының мың бұралған биімен жалғасты.

Ақтолқын НҰРЛЫБАЙҚЫЗЫ

Егемен еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қолға алынған латын әліпбиіне көшу идеясы – тіліміздің даму тұрғысынан да, төл әліпбиімізді құру жағынан да алға жетелейтін бастама. Сол себепті бұл игі қадамды замана көшіне ілесуге септік болар үлкен серпіліс деп айтсақ та болады.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ ӘЛЕМДІК ДЕҢГЕЙГЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында «2025 жылға дейін білім берудің барлық деңгейінде латын әліпбиіне көшудің нақты кестесін жасау керек» деп нақты көрсетіп беруі осы өзекті мәселенің өміршеңдігін түбегейлі шешіп берді. Өйткені бұл өте ұқыпты, тиянақты жүргізілетін ауқымды жұмыс екендігі белгілі.

«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген ұлағатты пайымның ұлыстық, этностық шеңберінен шығып – ұлттық, мемлекеттік, азаматтық мәртебеге ие болуының айқын айғағы. Бұл – болашағымыздың тізгінін өз қолымызға алудың, Елбасы сөзімен айтсақ, «болашаққа бағдар», «рухани жаңғырудың» өзегі, Қазақстанның 30 дамыған елдің қатарында сап түзеуінің жарқын кепілі дер едік. Тіл мамандары айтып жүргендей, біз латын графикасына көшу арқылы қазақ тіліне тән дыбыстарды, әуезді дұрыс айтып, таңбалай аламыз. Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру елімізге саяси жағынан да, ғылым-білім тұрғысынан да заман талабына сай даму үшін өте маңызды. Латын графикасына көшу жай қаріпті ауыстыра салу емес, ол – біз үшін өркениетті шешім. Себебі дүниежүзі халқының 80 проценті қолданатын латын қарпіне көшу озық инновациялар мен жаңа технологияға бір табан жақындаудың белгісі.

Жалпы латын әліпбиіне көшу – ұлт үшін қажетті мәселелердің бірі. Олай деуіміздің себебі, біріншіден, қазақтың дыбыстық жүйесін сол қалпында таңбалап бере алатын әліпбиді енгізу болса, екіншіден, әліпби қоғам дамуына сай одан әрі жетілдіруге ілесіп, қазақ әліпбиін тұрақтандыруға, тілдік қорды сол қалпында сақтап қалатын негізгі графиканы енгізуге бағытталады.

Сонымен қатар латын графикасына көшу – қазақ елінің әлемдік деңгейге шығуына үлкен мүмкіндік болары сөзсіз. Халықаралық нарыққа шығуға, кәсіби қабілетті мамандар даярлауға да мүмкіндік мол. Біз сол жағын да ескеруіміз керек. Болашақта жастар да осы мүмкіндіктер арқылы электронды ақпарат құралдарын да жылдам игеретін болады.

«Ел – бүгіншіл, менікі – ертең үшін» деген екен ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлы. Қазір қолға алып жатқан дүниенің бәрі біз үшін емес, кемел келешек жолында жасалып жатқан ауқымды іс деп білеміз. Сондықтан бұл бәріміз үшін құптарлық үлкен іс болмақ.

Жандос ТҰСМАҒАМБЕТОВ,
«Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қорының директоры

Осымен 9-ыншы мәрте ұйымдастырылған қала әкімдігінің «Самғау» жастар сыйлығының иегерлері анықталды. Қоғамның әр саласы бойынша 14-29 жас аралығындағы белсенді жастарға арналған байқау жеңімпаздары 10 номинация бойынша марапатталды.

«САМҒАУ» СЫЙЛЫҒЫ КІМДЕРГЕ БҰЙЫРДЫ?

Байқауға білім және ғылым, журналистика, қоғамдық қызмет, спорт, медицина, мәдениет, кәсіпкерлік, өндіріс саласында еңбек етіп, қала тіршілігіне етене араласып жүрген жастар қатысқан. Өз саласында табысты еңбек етіп, қаланың дамуы жолына үлесін қосқан, болашағынан үміт күттіретін жастарды қолдау бағытындағы байқаудың қорытындысымен 10 үміткер үздік деп танылды. Оларға қала әкімінің 100 мың теңге көлеміндегі сыйақысы табысталды.

Шаһар басшысы Нұрлыбек Нәлібаев жеңімпаздарды құттықтап, жастарға сәттілік тіледі. Талапты жастардың шығармашылығын шыңдап, қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылған байқаудың жыл сайын дәстүрлі түрде өтетінін жеткізді.

«Самғау» жастар сыйлығының иегерлерінен бөлек қаланың қоғамдық жұмысына атсалысып, азаматтық қоғам қалыптастыруда септігін тигізген бірқатар жастар да назардан тыс қалмады. Олар арнайы номинациямен марапатталды.

«Ақмешіт-ақпарат»

ӘКІМНІҢ АҚЫНДЫ ҚОЛДАУЫ

Қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ақын, журналист Рысты Бекбергенованы қабылдады. Ақпарат айдынында 30 жылдан астам уақыт қызмет еткен журналист өмір жолында шығармашылығын өлеңмен әрлеген жан.

Бүгінде 90 жасқа келсе де өзінің өнегелі өмірін өлеңмен өрнектеген ақынның «Тұңғыш кітап», «Ана жүрегі», «Жырға сапар», «Өмірім өлеңмен өрнектелген», «Өмірдің ақ-қарасы» сынды жыр жинақтары оқырман қауымның көңілінен шыққан сомды дүниелер. Жуырда ақынның тағы бір жыр жинағы жарыққа шықты. Қала әкімдігінің қолдауымен жарық көрген өлеңдер жинағы «Өлеңім – менің тұңғышым» деп аталады.

Кездесуде қала басшысы жаңа жинақты ақынға табыстады.

– Бұл кітапты енді қаламыздың кітапханаларына қойып, оқырмандардың қолдан-қолға алып оқуына мүмкіндік жасайтын боламыз. Алдағы уақытта да шығармашылығыңызды кеңінен танытуға үлкен қолдау болады, – деді шаһар басшысы.

Бес жүз данамен басылған кітаптың жарыққа шығуына қолдау білдірген қала әкіміне Рысты Сейітжанқызы алғысын білдіріп, ақ батасын берді.

Айдана СЕЙІЛ

ЭЛЕКТРОНДЫ ҚЫЗМЕТ – ЕЛ ИГІЛІГІНЕ

Бүгінде цифландыру жүйесі қарқынды жүргізіліп келеді. Бұл бағытта қалада жаңа орталық ашылды. Енді тұрғындар «Электронды қызметтерді өздігінен алу» орталығы арқылы өз-өзіне қызмет көрсетеді. Жаңа орталықтың ашылуына қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департамент басшысы Рафхат Бисенов қатысты.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді халыққа қолжетімді ету мақсатында жүзеге асқан жоба көпшілікке тиімді болмақ. Осы кезге дейін мұндай қызмет түрін алу үшін қала әкімдігіне қарасты мекемелерде 15 «Өзіне-өзі қызмет көрсету» бұрышы ашылған болатын. Цифрландырудың тиімділігі елдегі індет жағдайында ерекше байқалған. Ал жыл басынан бері электронды нұсқада 46 мың 184 өтініш қабылданған екен. Сондай-ақ қала әкімдігіне қарасты мемлекеттік мекемелер тұрғындарға 80-ге жуық қызмет түрін көрсетсе, оның 59-ы электронды түрде жүзеге асқан.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Қызылорда облысындағы филиалының директоры Айдын Қайруллаев электрондық қызмет тұрғындарға тегін көрсетілетінін жеткізді. Бүгінде орталық қызмет алуға қажетті техникалық құрал-жабдықтармен толық қамтылған.

А.СЕЙІЛ

Өткен ғасырдың 60-70 жылдарындағы жастар ішер ас, киер киімді ысырып қойып, алдымен білім алуға құштар болғанын өз көзімізбен көріп өстік. Сол жылдарда Қармақшы ауданындағы Ленин совхозына директор болып Байболов Смайыл ағамыз тағайындалды. Сансыз ақын-жыраулардың киелі ордасына айналған мекен Тұрмағамбет ауылы ынтымақты ту еткен, қалың елі ауылдан шыққан батырларын, Еңбек Ерлерін, атағы шыққан ақын, жырау, сөз шайырларын, өнер қайраткерлерін ерекше құрметтеген ел.

БІЛІМНІҢ НАСИХАТШЫСЫ БОЛҒАН БАЙБОЛОВ

Ұлы Отан соғысының отты жылдарында әскерге шақырылған азаматтардың қаншасы қайтып оралмай, майдан даласында қалып, талай отбасы қайғы жұтып, қара жамылып, талай ана жесір қалып, талай бейкүнә сәби жетім атанды. Қайтып оралғандардың көпшілігі аяқ-қолынан, құлақ, көзінен, басқа да дене мүшелерінен айырылып, мүгедек болып оралып, мүгедектігіне қарамастан, елдегі ауыр еңбекке араласып, жеңістің жақындауына аянбай үлес қосты. Жеңіс туы желбірегеннен кейін қираған, тұралаған шаруашылықты қалпына келтіруге жанын салды.

Осы елге басшы болып тағайындалған Смайыл Байболов ағамыз да Ұлы Отан соғысына қатысқан әскери кісі болатын. Қаршадайынан еңбекке араласып, ат жалын тартып мініп, азамат атанған тұста ел ісіне белсене қатысқан Смайыл ағамыз өзі директор болып тағайындалған уақыттан кейін елмен етене тез араласып, ауылдың қоғамдық саяси өмірінің бел ортасынан табылды. Жоғарыда айтып өткенімдей, сол кездегі жастардың білім алуына көп жәрдем жасады. Сол кезде 30 жасты алқымдап қалған Әбілақұл Нұртаев ағамыз бірнеше баласын жолдасы Айтан апайға, Бердіғұл ағамыз да, балаларын Ұлықан жеңгемізге аманат етіп, Алматы зооветеринарлық институтына совхоздың арнаулы жолдамасымен жіберілсе, кейіннен Слам Сейдуллаев, Абдраман Тұрғанов, Мұратбек Құланбаев, Ержан Наурызбаев та осылай совхоз жолдамасымен оқып, жоғары білім алғандар қатарына қосылды. Смайыл Байболов ағамыз күнделікті жұмыс барысында халықтың әл-ауқатын, тұрмыс-тіршілігін жақсартуды, соғыс және еңбек ардагерлеріне, зейнеткерлерге, аз қамтылған отбасылар мен көпбалалы отбасыларға тұрақты көңіл бөліп, оларға тиісінше қолдан келген көмектерін жасауды өз бақылауына алды. Талай мәселенің шешімін тауып, қаншама жақсы істерге бастамашы бола білді. Совхозда егілетін күріш егісінің көлемі ұлғайды. Мал басы көбейтіліп, қой саны еселей өсті. Соның бәрін шашау шығармай, ауыл игілігіне пайдалану, жарату оңай шаруа болған жоқ. Смайыл ағамыздың ауылдағы беделін көтеріп, мәртебесінің артуына, ел таныған азамат атануына сөз жоқ, жастайынан құдай қосқан қосағы Дәме апамыздың еңбегі ерекше.

Смайыл аға мен Дәме апамыздан тараған ұрпақтар егемен еліміздің түкпір-түкпірінде еселі еңбек етуде. Біз солардың амандығын тілейміз. Смайыл аға Сәкең жөнінде айтылар әңгіме өте көп. Ол әңгіме әлі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып айтыла беретініне сенімдімін.

Нұртілеу САЛЫҚОВ

Б.МОМЫШҰЛЫ – 110

Қаламсаптың киесі

Тоқсаныншы жылдардың басында, суық тиіп Жалағаштағы терапия бөлімінде ем алдым. Бір палатада 4-5 адамға дейін жататынбыз. Бір күні облыстық «Сыр бойы» газетінде Бауыржан Момышұлының ерліктері мен өмір белестері туралы мақаланы оқып отыр едім. Газеттің екінші бетін аударып оқи бастағанымда «ей, мынау Бауыржан көкем емес пе?» деп жөтел шаршатқан үлкен кісі басын көтеріп, дауыстап оқуымды өтінді. Өтініш айтушы Бұқарбай батыр ауылының бас бухгалтері болып жұмыс жасаған Өрғара деген кісі еді. «Сендер газеттен оқып тамсансаңдар, мен үш жарым сөтке сол кісімен бір вагонда болдым» деді ол. «Онда айтыңызшы» деп біз сол кездесу жайлы сұрадық.

– 1954 жылдың көктемі болуы керек. Үш жылдық әскери борышымды өтеп, елге қайту үшін Москваның Қазан вокзалына келіп тұрғанмын. Әскери патруль келіп құжаттарымды тексеріп, жақын жердегі штабына алып барды. «Не болып қалды?» деп уайымдап тұрғанымда, мені біз мінетін поезға тіркелген қызыл вагонға алып келді. Іштен шені жоғары біреу шығып «кәне, жаңағы таптым деген адамың?» деді. Мені ішке кіргізіп үш бөлмеден тұратын вагонды таныстырып, төрдегі жазу столы, жатын орны бар кең бөлмені көрсетіп, «қазір бір сыйлы қонақ келіп орналасады, соған сен қызмет көрсетесің» деді де, батыр Бауыржанға мені таныстырып, шығып кетті. «Жауынгер, маған кел!» деген Баукеңнің өктем даусы естілді. Дереу әскери киімімді ретке келтіріп, есікті қағып кіріп «Саулығыңызды тілеймін, полковник жолдас!» дегенімде «Отставить, кругом, шагом марш! қазақшалап дұрыстап сәлемдес» деген соң қайта шығып, қайта кірдім. «Ассалаумағалейкум» дегенімде «Е, міне, Алаштың қазағы осылай амандасады» деді. Баукең екеуміз осылай таныстық.

Ол кісі отставкаға шығып, Алматыға бара жатыр екен. Жол-жөнекей батырға құрмет көрсетушілер көп болды. Уфа қаласына келгенде вокзалда қарақұрым халық, Бауыржан Момышұлын көреміз дегендердің саны көп. Астрахань, Орал, сосын қазақ жеріне келгеннен кейін, тоқтаған жердің барлығында батырға құрмет көрсетілді. Төртінші күн дегенде Қармақшыға келдік. Жалағашқа жақындағанымызды батыр ағамызға ескерттім. «Олай болса әке-шешеңе сәлем айтарсың» деп маған екі сөмке зат берді. Өз бөлмеме кетерде көптен көзіме түсіп жүрген айрықша қаламсапқа назар аудардым. Осыны байқаған батыр «ағаңнан ескерткіш болсын» деп әлгі қаламсапты қолыма ұстатты. Жалағашқа келгенде де вокзалға көп халық жиналыпты. Есік ашылып, перрондағы әдейі күні бұрын дайындалған жерде аудан басшысы тұр. Сол кезде Жалағаш ауданының бірінші хатшысы Байбол Сопбеков екен. Мұнда да батырға лайықты құрмет көрсетілді. Баукең мені көрсетіп «мына солдатты үйіне жеткізіңдер» деп хатшыға тапсырды. Батырмен құшақтасып қоштастық. Мені уәделескендей үйіме әкеліп тастады.

Азын-аулақ дем алған соң мені колхозға есепші етіп қойды. Күзде мені Алматыға бухгалтерлік 2 жылдық техникумға оқуға жіберді. Несін жасырайын, оқуға түсе алмадым. Бауыржан Момышұлы берген қаламсапты ұстап отырғанымда қасымдағы оқуға түскен Аралдың жігіті «Мынау ручканың тарихын тамсана айтқанда жақсысың, сен ертең сол кісіге бар» деп ақыл берді. Кешкісін Баукеңе барып мән-жайды баяндадым. Ол техникум директорына қоңырау шалды да «ертең саған барамын» деп тұтқаны қоя салды. Келесі күні мені алып директордың кабинетіне кірді. Отырар-отырмастан айқайға басты. «Сен қалайсың өзі? Ту алыстан оқимын деп келеді, сен түсірмей қайтарасың, оқуға қабылдайсың, оқытасың, үйретесің, еліне бітіртіп қайтарасың» деді. Директор «Иә, батыреке, мақұл» деп, жауап қайырды. Осылайша, батырдың бір ауыз сөзімен оқуға түстім. Сол қаламсап болмаса, Баукеңе бармас па едім, кім білсін? Оқуды бітіріп, елге келіп жұмыс істеп көп жыл бухгалтер болдым.

Бірде ауданда күрестен жарыс ұйымдастырылды. Әскерде батальон, қала берді ірі қалаларда күреске түскенім бар еді. Ауданда бірінші орын алып, облысқа жолдама берді. Облыстағы күрес қызу тартыспен өтті. Сөйтіп бас жүлде үшін белдесетін болдым. Сол кезде батыр берген қаламсапты қатты қысып, «құдайдан батырдың күшін бере гөр» деп сыйындым. Содан не керек, қарсыласымды жығып, таза жеңіске жеттім. Осы жарыс қорытындысымен келер жылы Алматыдан бірақ шықтым. Мұнда да солай, қаламсапты бір-екі рет сүйіп маңдайыма тигізіп, құдайға сыйынып, кілемге шықтым. Арена іші адамға лық толды. Әдіс қолдану арқасында таза жеңіске жеттім, – деп сөзін тәмамдады.

Ертесіне кеше күні бойы айтылған әңгімені бүгін жалғастырмақ болған Өрғара басын жастықтан көтерді. – Иә, тағдырдың маңдайға жазғанын көреді дейді ғой пендем. Ал менің өмірімді түбегейлі өзгерткен батырдың қаламсабы ма деп ойлаймын. Сол арқылы оқуға түсіп, ауданда алдыңғы қатарлы маман болдым. Қаламсапты облыстық тарихи музейдің қызметкерлері сұрастыра берген соң, Бауыржан Момышұлы мұражайына өткіздім. Міне, оған да үш-төрт жыл болды. Содан бері ауру-сырқау үйір бола бастады. Кейде «бекер бердім-ау осы қаламсапты» деп ойлаймын. Артынша тәубеме келемін. Ырзамын батырдың әруағына, – деп сөзін аяқтады.

...Одан бері де қанша уақыт өтті. Бұл оқиғаны кейінгі жұрт білсін деп, арнайы жаздым.

Мұқан МҰРАТБАЙ,
зейнеткер
Жалағаш ауданы, Есет батыр ауылы

ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ КАСКАСЫ

Қызылордалық кәсіпкер каска шығаруда. Өндіріс саласында еңбек ететіндерге қорғаныш құралы саналатын каска – сапалы әрі қауіпсіз. Отандық өнімді дамытуға үлес қосқан «NP-ConsuItinq» ЖШС директоры Ғалым Пірекешов бүгінде 7 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Кәсіпкер 2013 жылдан бері гидроизоляциялық қорғаныш каскаларын шығаруда. Бүгінде өзге өңірлерден де тапсырыс көп. Әсіресе құрылыс, мұнай компанияларының сұранысына ие.

Каска шығаратын шағын цехта қызу жұмыс. Жаңа технология жұмыстың жеңіл әрі сапалы орындалуына өз септігін тигізуде. Касканың ерекшелігі, жұмысшы биікте тұрып жұмыс жасағанда басынан түсіп кетпейді. Әрбір тұтынушыға ыңғайланып жасалуында жатыр.

– Күніне 400 данадан каска дайындаймыз. Тапсырыс беруші мекемелердің сұранысын уақытылы орындау – басты міндет. Қорғаныш каскаларын жасауға отандық шикізат пайдаланылады. Жобаны алғаш іске асырғанда аздап қиыншылықтар болды. Уақыт өте келе қиындықты еңсердік. Әрине, өнім өндіру кәсіпкерге бірден табыс әкелмейді. Ең бастысы, тұтынушы көңілінен шығып, сапалы өнім жасау, – дейді кәсіпкер Ғалым Маратұлы бізбен әңгімесінде.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

БАҒА НЕГЕ ҚЫМБАТТАДЫ?

ҚОЙМАДА 2400 ТОННА ӨНІМ БАР

Жалпы облыс аумағында 8 «Аль асад» сауда үйі бар. Оның 5-і қала орталығында орналасқан. Үшеуі Қазалы, Шиелі аудандары және Төретам кентінде ашылған. Алдағы уақытта Сырдария мен Арал аудандарынан ашылады деп күтілуде.

– Қазіргі таңда 19 әлеуметтік маңызы бар тауар бағасын тұрақтандыру мақсатында «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы мен кәсіпкерлер арасында келісім бекітілді. Бүгінгі күні «Аль асад» сауда үйі оның ішінде «Ритейл» ЖШС-на 50 млн теңге көлемінде айналым қаражаты берілді. Ол осы 19 түрлі әлеуметтік маңызы бар тауар бағасын тұрақтандыру мақсатында беріліп отыр. Сонымен қатар «Ажар Сити» сауда орталығына яғни «Романов ЖШС-на 50 млн теңге қаражат берілген. Ол жерде де «Ажар Ситидің» екі сауда нүктесінде әлеуметтік қатарлар орнатылып, әлеуметтік өнім түрлері бағаларын тұрақтандыру үшін жұмыстар атқарылып жатыр. Одан бөлек «Мирас» сауда орталығының Оразберлин ЖШС-на де 40 млн теңге көлемінде айналым қаражаты берілуде. Барлық айналым қаражаттар бір жыл көлеміне берілуде. Ал кәсіпкерлер өнім шығарушы орталықпен келісімге отырып, сауда орталықтарына алдыртады. Бүгінде тұрақтандыру қорында 2400 тоннадай өнім түрі бар. Сондықтан өнім түрлерінен тапшылық болмайды деп сенім білдіреміз, – дейді «Алтын қамба» ЖШС тұрақтандыру қорының басқарма басшысы Лаура Жанасбаева.

8 МАШИНА ЖҰМЫРТҚА БАҒАНЫ АРЗАНДАТА МА?

Осы аптада аймағымызға 8 машина жұмыртқа әкелінеді. Оның екі көлігі бүгін жеткізіліп, ертеңнен бастап нарыққа шығады, – деді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаев өңірлік коммуникация орталығында өткен брифингте.

– Республика бойынша жұмыртқа жетіспеушілігі салдарынан 20 процентке қымбаттап отыр. Оған құс тұмауы басты себеп деп танылуда. Сонымен қатар қыс мезгілі де тауық өнімінің азайуына әсер етуде. Дегенмен біз осының әлі де болса қымбаттамауының алдын алып және тапшылық болдырмау себебін қарастырып, Ақтөбе облысынан өнімге тапсырыс беріп отырмыз. Ол жақтан 36 теңгеден сатып алынады. Мемлекет тарапынан азық-түлік тауарларының бағаларын тұрақтандыру мақсатында тұрақтандыру қорлары жұмыс жасайды. Жалпы тұрақтандыру қорына жыл басынан бері 6,3 мың тонна өнім қоры сатып алынып, оның 5 мың тоннасы сатылды. Әлеуметтік дүкендер желісін ұлғайту мақсатында қосымша облыс орталығында 20 дүкен, әр аудан орталықтарынан 2 дүкеннен ашу жоспарлануда. Қаңтар айынан бастап Алматы қаласынан да жұмыртқа алдырту жөнінде келісімге келіп отырмыз. Осылайша өңірде тұрмыстық қажетті тағам түрлеріне оның ішінде жұмыртқаға тапшылық болмайды деп болжам жасаудамыз, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Ш.Қойшыбаев.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Басы 1-бетте

БАЙҚАУ

«Қызылорда дауысы-2020»: ТАЛАНТТЫ ӘНШІ ТАНЫЛДЫ

Жуырда қала әкімдігінің қолдауымен жаңа жоба жүзеге асты. Тұңғыш рет ұйымдастырылған «Қызылорда дауысы-2020» эстрадалық ән байқауына 200-ден аса өнерпаз қатысты.

Қала көгінде ән әуелеткен жобаның авторы – ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, эстрада әншісі, жерлесіміз Мәдина Сәдуақасова. Бұл байқау – Сырдың дарынды жастарын қолдау, олардың өнер әлеміне жол ашу мақсатында қолға алынған дүние. Оған аймақтан 200-ден астам талантты жас қатысуға ниет білдіріпті. Нәтижесінде байқау талабына сай финалға лайықты деген 12 өнерпаз іріктелді. Бірнеше кезеңнен тұратын өнер додасының ақтық сынына аталған 12 өнерпаздан үздік деген 6 дарын иесі жолдама алды.

Ал бір-бірінен асып түскен өнерпаздар арасынан үздігін таңдау оңайға соқпағаны анық. Дегенмен қазылар алқасының шешімімен 6 таланттың ішінен жеңімпаз анықталды. Осылайша алғаш рет өткізілген «Қызылорда дауысы-2020» эстрадалық ән байқауының алғашқы жеңімпазы ретінде қызылордалық Аягөз Аралбайқызы танылды. Жас талантқа жоба авторы, эстрада жұлдызы Мәдина Сәдуақасова «Зор дауысты қыз, дауысының әдемі бояуы кез келген әнді жаңғыртады» деп баға берді.

«Қызылорда дауысы-2020» байқауының үздік әншісі болған Аягөз Аралбайқызына 1 млн теңге ақшалай сыйлық табысталды.

А.СЕЙІЛ

ӘБІГЕР ӘЛЕМ

THE WALL STREET JOURNAL.

ПАРЛАМЕНТ ТАРАДЫ

Израильдің саяси ахуалы ауыр кезеңге аяқ басты. Парламент депутаттары жылдық бюджет аясында ымыраға келе алмай, ақыр соңы үкіметті таратумен тынды. Елде қайта сайлау науқаны жүргізу хабарланғалы халықта маза жоқ. Бұл мемлекеттің ішкі-сыртқы саяси салмағына тікелей әсер ететін шешім болғалы тұр. Оқиға туралы «The Wall Street Journal» басылымы Дов Либер мен Фелиция Шварцтың «Екі жылға жетпей, төртінші сайлау» атты мақаласын жариялап, маңызды ақпаратпен бөлісті.

«Израиль депутаттары 2021 жылға арналған бюджетті нақтылай алмай, үкіметті таратуға мұжбүр болды. Енді кезекті сайлау өткенше елдегі саяси ахуал күрделене түспек. Кнессет спикері Ярив Левин үкімет тарағанын сейсенбіде ресми мәлімдеді: «Өкінішті, әрине. Бірақ алдағы сайлау израильдіктер үшін ауыр сынақ болғалы тұр. Ендігі қалған амал жағдайды тұрақтандырып, толқусыз, шусыз сайлау науқанын соңына жеткізу ғана. Жыл бойы мемлекет басты қаржылық құжатсыз өмір сүрді. Депутаттардың даулы айқайы, еш нәтиже бермеді» деп өз пікірін білдірді.

Авторлардың пікірінше, елдегі саяси жағдайдың күрт құбылуы жалғыз бюджет мәселесіне тәуелді емес. Ең басты кикілжің қос алыптың текетіресінен пайда болған. Яғни Биньямин Нетаньяху мен Бени Ганц билік үшін таласып, тиісті заңның жүзеге асуына кедергі келдірген. Жақында ғана індетті ауыздықтау үшін біріккен тараптар қазір арасын қайта алшақтатуда. Мақалада Израиль премьер министрі Биньямин Нетаньяхудың оқиғаға қатысты ойы жеткізілген.

« Бұл шешімге мен тәуелді емеспін. Алдын ала айтайын, мен сайлауға қарсымын. Алайда қарсы тарап сайлауды қалайды екен, ол талап орындалу керек. Оған қоса, сайлауда жеңіске жететініме сенімдімін. «Себебі біз демократия жолын ұстанған қоғамда өмір сүреміз».

Бұған дейін Израиль мемлекеті Кнессеттің 23-шақырылымын құру мақсатында үш мәрте сайлау өткізген болатын. Енді, міне, қаншама қаржы мен ресурсты сарқып тағы талаптанбақшы. Не де болса, 2021 жылдың 23 наурызында өтетін келесі сайлау нақты шешімге жетелейтін секілді.

CNN CNN CNN

КЕПТЕЛГЕН КӨЛІКТЕР

Апта басында Франция билігі Еуропадағы коронавирус індетінің асқынуынан сақтанып, Ұлыбританиямен көлік қатынасын толықтай тежеген болатын. Тауар айналымының маңызды бөлігі Франция арқылы өтетін Ұлыбританияға бұл шешім оңайға соқпады. Кеден бекеттерінде кептелген мыңдаған жүк көліктің иелері наразылық білдіріп, қос мемлекетке тиімді қадам қабылдауды талап етті. Аталған оқиғаға қатысты «CNN» арнасының тілшілері Тара Джон, Джим Биттерманн және Сандрин Амиэль арнайы хабар әзірлеп, оқиғаның мән-жайын таркатты.

«Францияның уақытша енгізген шектеуі Еуропаға экономикалық кедергі жасады. Бұл екі мемлекеттің бірлесе жасаған қадамы болатын. Оқиға барысында Ұлыбританияның премьер-министрі Борис Джонсон да өткен жексенбіде оңтүстік-шығыстағы тұрғындардың қозғалысын барынша тежейтінін жеткізген болатын. Мұның барлығы әлемдік пандемияның салдарынан орын алған әрекет».

Арнайы хабардан түйгеніміз, сейсенбіде Франция мен Ұлыбритания ортақ шешімге келіп, қозғалысқа қайта рұқсат берген. Алайда жүргізушілер мен жолаушылар соңғы 72 сағатта ПТР тесттің оң қорытындысын алуы қажет делінген келісімде. Еуропа одағында жүрген Франция азаматтарына да аталған шарт бірдей.

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4422 Тапсырыс №746

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.
Нөмірдің кезекші редакторы Айдана СЕЙІЛ